

Пайдалану бойынша нұсқаулық

DEXP

Кернеу түрлендіргіші

**DEXP CAR 100W/ CAR 150W/ CAR 200W/
CAR 300W/ CAR 400W/ CAR 500W/
CAR 600W/ CAR 800W**

Мазмұны

Сақтық шаралары	5
Орналастыру бойынша нұсқаулар	6
Пайдалану нұсқаулығы	6
Құрылғы элементтері	6
Инверторды қосу және онымен жұмыс істеу.....	6
Электр жабдығындағы кедергілер.....	7
Аккумулятор жұмысының уақыты	7
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі.....	7
Техникалық сипаттамалар	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары	12
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Кернеу түрлендіргіші (инвертор) — 12/24 В тұрақты токты 220 В айнымалы токқа түрлендіруге арналған құрылғы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Келесі модельдер үшін 1 қосалқы сақтандырғыш жеткізіледі: 150W/200W/300W;
- Келесі модельдер үшін 2 қосалқы сақтандырғыш жеткізіледі: 400W/500W/600W/800W.

Сақтық шаралары

1. Инверторды дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау мүлікке немесе адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
2. Инвертор үйдегі розеткалар сияқты қауіпті, оны абайлап пайдаланыңыз.
3. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және қолданыңыз. Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды.
4. Инверторға бөгде заттарды салмаңыз.
5. Ішіне судың немесе ылғалдың енуіне жол бермеңіз.
6. Сақтық шараларын сақтамау инверторға немесе денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін.
7. Инвертордың температурасы ұзақ жұмыс кезінде 60 °C-қа жетуі мүмкін. Инвертордың екі жағындағы кеңістік кем дегенде 5 см болуы керек; температура әсер ететін заттардың түсуіне жол бермеңіз.
8. Бейтарап сым «жерге» қосылған құрылғыны инверторға қоспаңыз.
9. Инверторды 40 °C жоғары температурада қолданбаңыз.
10. Электр құралдарын зарядтауға арналған шамдар мен ұстаралар сияқты шағын аккумуляторды құрылғыларды, сондай-ақ электр құралдарды зарядтауға арналған зарядтау құрылғыларын инверторға қоспаңыз (зарядтау құрылғысының индикаторы тым көп кернеу туралы хабарлайды).
11. Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналмаған.

Орналастыру бойынша нұсқаулар

Қалыпты жұмыс істеуі үшін түрлендіргішті тегіс бетке қою керек (мысалы, автокөлік едені). Инверторды орналастыратын жер келесідей болуы керек:

- құрғақ, су тамшысы түспейтіндей жер;
- 0 °С... 40 °С аралығындағы температура ауқымында, жылу шығару саңылауларынан алыс;
- жақсы желдетілетін; қосылған күйде құрылғыға ешқандай заттар мықтап жабыспайтынына және оның айналасында кемінде 5 см бос орын бар болуына көз жеткізіңіз.

Пайдалану нұсқаулығы

Вт саны – тұтынылатын қуаттың орташа мәні, бірақ кейбір құрылғыларды қосу үшін үлкен қуат мәні қажет. Мұндай құрылғылардың мысалы ретінде теледидарлар, мониторлар, электр қозғалтқыштары болуы мүмкін.

Түрлендіргіш ең жоғары қуатты 200... 1350 Вт аралығында қуат бере алғанымен (модельге байланысты), жұмыс істеу үшін түрлендіргіштің мәлімделген ең жоғары қуатынан аз қуатты қажет ететін кейбір құрылғылар шамадан тыс жүктеме тудыруы және түрлендіргішті қауіпсіз өшіру функциясын іске қосуы мүмкін.

Құрылғы элементтері

1. Құрылғыларды қосу үшін 220 В айнымалы ток шығысының ағытпасы қажет.
2. Түрлендіргіш автомобильдің тұтатқышынан және 12 В тұрақты ток ағытпасынан қуат алады.
3. Айнымалы тоқты қосу үшін ON/OFF қосқышы қажет.
4. Жасыл түсті POWER индикаторы түрлендіргіштің жақсы жұмыс істеп тұрғанын хабарлайды.
5. Қызыл түсті FAULT индикаторы аккумулятордың тым жоғары/төмен кернеуіне, шамадан тыс жүктелуіне немесе температураның бұзылуына байланысты түрлендіргіштің өшірілгенін білдіреді.

Инверторды қосу және онымен жұмыс істеу

1. Түрлендіргішті автомобиль тұтатқышына немесе 12 В ағытпасына қосыңыз.
2. Айнымалы ток құралын тиісті ағытпаға қосыңыз. Аккумулятор қуат алған бетте кернеу төмендейді. Ол 10.7 В шамасына дейін төмендегенде түрлендіргіш дыбыстық сигнал береді, ал 10.0 В кернеуде инвертор аккумулятордың зақымдалмауы үшін автоматты түрде өшеді, ал қызыл FAULT шамы жанады.
3. Желдетудің нашарлығы немесе қоршаған ортаның жоғары температурасы себебінен температура режимі бұзылған жағдайда инвертор өшеді, бұл ретте қызыл FAULT индикаторы жанады.
4. Аккумулятордың шамадан тыс жүктемесі, қызып кетуі немесе төмен кернеуі жағдайында инвертор автоматты түрде өшіріледі.

Электр жабдығындағы кедергілер

Әдетте, көптеген құрылғылар инвертормен тұрмыстық розеткалар сияқты жұмыс істейді, бірақ екі ерекшелік бар:

1. Аудиожүйелер.
Кейбір төмен деңгейлі аудиоқұрылғыларда жарамсыз қуат сүзгісі бар, бұл инверторды қолданып тыңдау кезінде кедергілерге әкелуі мүмкін.
2. Теледидарлар.
Инвертор экрандалған, бірақ теледидар сигналы әлсіз болса, экранда кедергілер пайда болуы мүмкін. Кедергілердің әсерін азайту үшін келесі әрекеттерді орындап көріңіз:
 - теледидар антеннасы мен кабельдер арасындағы қашықтықты арттыру үшін ұзартқышты пайдаланыңыз;
 - инвертордың, антеннаның және кабельдердің орналасуын өзгертіңіз;
 - қуаттырақ антеннамен теледидар сигналын көбейтіңіз немесе экрандалған кабельді қолданыңыз.

Аккумулятор жұмысының уақыты

Айнымалы токты пайдаланғанда батареяның жұмыс уақыты оның заряд деңгейіне, сыйымдылығына және жүктемесіне байланысты болады. 50 Вт жүктеме кезінде жұмыс уақыты 5-6 сағат немесе одан да көп болады.

Аккумулятор шамадан тыс разрядталмауы үшін автомобильді бір-екі сағат сайын іске қосу ұсынылады.

Инвертор іске қосылған машинамен жұмыс істей алады, бірақ қозғалтқыш қосылған кезде кернеу түсіп, инвертор автоматты түрде өшеді.

Инвертор 0.15 А ток күшімен жұмыс істейтіндіктен, қосылған күйде ол инверторға ешқандай құрылғы қосылмаған жағдайда аккумуляторға минималды әсер етеді.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

1. Инверторға қосылған құрылғы жұмыс істемейді, индикаторлар жанбайды.
 - **Тұтатқышпен нашар байланыс/12 В.**
Штекерді ағытпаға мықтап тығыңыз, қажет болса оны тазалаңыз немесе аксессуар режиміне ауысыңыз.
 - **Тұтатқыш немесе 12 В ағытпа оталдыру қосылған кезде ғана жұмыс істейді.**
Оталдыруды қосу.
 - **Тұтатқыштың сақтандырғышы / 12 В жанып кетті.**
Сақтандырғышты ауыстырыңыз.
 - **Дұрыс емес полярлық.**
Инвертор зақымдалған болуы мүмкін. Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
2. Өлшенген шығыс тогы тым әлсіз.
 - **Стандартты айнымалы ток вольтметрі 5-15 В мәнін тым төмен деп анықтайды.**
Дәл өлшеу үшін «True RMS» вольтметрін пайдалану керек (мысалы, Fluke 87).

3. Батарея күтілетін уақыттан тезірек разрядталады.
 - **Батарея тез разрядталады.**
Сыйымдылығы үлкен батареяны қолданыңыз.
 - **Акумулятор ескі немесе зақымдалған.**
Акумуляторды ауыстырыңыз.
 - **Акумулятор дұрыс зарядталмайды.**
Көлігіңізді тексеру үшін кәсіби автоэлектрикке хабарласыңыз.
4. Сақтандырғыш жанып кетті.
 - **«+» және «-» электродтары қате қосылған.**
Сақтандырғышты ауыстырыңыз. Мәселе шешілмесе, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
5. Инвертор қорғаныс режиміне өтеді.
 - **Қосылған құрылғы жүктеме түріне сәйкес келмейді.**
Жүктеме мен инверторды ажыратып, содан кейін инверторды қайта қосыңыз. Қызыл индикатор жанса, яғни құрылғы қорғаныс режимінде тұр және электр тізбегі зақымдалған болуы мүмкін. Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
6. Шығыс кернеуі жоқ (құрылғы өшіріледі), индикатор қызыл түспен жанып тұр, құрылғыдан түтін шығады.
 - **Инверторды қуат көзінен ажыратып, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.**
7. Индикатор қызыл түспен жанады.
 - **Кіріс кернеуі инвертор үшін рұқсат етілген кіріс кернеуіне сәйкес келмейді.**
Инвертор мен жүктемені ажыратыңыз (қосылған болса) және сақтандырғышты тексеріңіз. Ол күйіп кетсе, оны ауыстырыңыз. Инверторды рұқсат етілген кернеуі бар көзге қосыңыз. Мәселе шешілмесе, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Техникалық сипаттамалар

Моделі: CAR 100W

- Кіріс кернеуі: 12 В (10-15.5 В), 15 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В ± 5%.
- Номиналды қуаты: 100 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 200 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц / 60 Гц ± 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 1 А (макс.).
- ПӘК: ≥ 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 10 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 16 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: ≥ 120 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 110x70x48 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.35 кг.

Моделі: CAR 150W

- Кіріс кернеуі: 12 В (9–15 В), 15 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В \pm 5 %.
- Номиналды қуаты: 150 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 300 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц \pm 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 0.5 А (макс.).
- ПӘК: \geq 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 9.5 В \pm 0.5 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 15.5 В \pm 0.5 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: 160 \pm 30 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 91x63x37.5 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.287 кг.

Моделі: CAR 200W

- Кіріс кернеуі: 12 В (10-15.5 В), 20 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В \pm 5%.
- Номиналды қуаты: 200 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 400 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц / 60 Гц \pm 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 1 А (макс.).
- ПӘК: \geq 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 10 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 16 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: \geq 240 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 110x70x48 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.35 кг.

Моделі: CAR 300W

- Кіріс кернеуі: 12 В (9–15 В), 28 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В \pm 5 %.
- Номиналды қуаты: 300 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 600 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц \pm 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 2,1 А (макс.).
- ПӘК: \geq 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 9.5 В \pm 0.5 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 15.5 В \pm 0.5 В.

- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: 300 Вт ± 50 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 152.5x95.2x56.5 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.41 кг.

Моделі: CAR 400W

- Кіріс кернеуі: 12 В (10–15 В), 30 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В ± 5 %.
- Номиналды қуаты: 400 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 800 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц ± 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 0.5 А (макс.).
- ПӘК: ≥ 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 10 В ± 0.5 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 15.5 В ± 0.5 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: 350 Вт ± 50 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 152.5x95.2x56.5 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.41 кг.

Моделі: CAR 500W

- Кіріс кернеуі: 12 В (10-15.5 В), 40 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В ± 5%.
- Номиналды қуаты: 500 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 1000 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц ± 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 1 А (макс.).
- ПӘК: ≥ 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 10 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 16 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: ≥ 600 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 172x89x49 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.77 кг.

Моделі: CAR 600W

- Кіріс кернеуі: 12 В (9–15 В), 49.5 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В \pm 5 %.
- Номиналды қуаты: 600 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 1200 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц \pm 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 2.1 А (макс.).
- ПӘК: \geq 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 9.5 В \pm 0.5 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 15.5 В \pm 0.5 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: 550 Вт \pm 50 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 193x95x55 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.567 кг.

Моделі: CAR 800W

- Кіріс кернеуі: 12 В (10-15.5 В), 80 А (макс.).
- Шығыс кернеуі: 220 В \pm 5%.
- Номиналды қуаты: 800 Вт.
- Ең жоғарғы қуаты: 1350 Вт.
- Шығыс жиілігі: 50 Гц / 60 Гц \pm 4 Гц.
- USB шығыс кернеуі: 5 В, 1 А (макс.)
- ПӘК: \geq 87%.
- Ең төмен жұмыс кернеуі: 10 В.
- Ең жоғары жұмыс кернеуі: 16 В.
- Шамадан тыс жүктемеден қорғау: \geq 850 Вт.
- Шығыс сигналының формасы: модификацияланған синусоид.
- Шығыс штекері: әмбебап.
- Қысқа тұйықталудан қорғау: бар.
- Құрылғының өлшемдері: 200x95x55 мм.
- Құрылғының салмағы: 0.77 кг.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5 °С...40 °С температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасмалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Нэбьюлоса Текнолоджи Ко., Лтд.

301 каб., D ғимараты, 7 Цзинъе 3-ші көш., ғылыми қалашық, өнеркәсіпті және жоғары технологияларды дамыту аймағы, Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.8

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



